



**БЕКІТЕМІН:**

**ДпКББДШҚ ҒӘ «Дарын»**

**орталығының директоры**

**А. Рахимжанова**

**2025 жыл**

**Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған  
Облыстық «Сиқырлы лира» аспаптық орындау  
қашықтықтан өтетін конкурстың ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Қосымша музыкалық білім беру мекемелерінің оқушылары арасындағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған Облыстық «Сиқырлы лира» аспаптық орындау облыстық қашықтықтан өткізілетін конкурс (бұдан әрі – Конкурс) ережесі, оны өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

1.2. Конкурсты ұйымдастырушылар:

Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы, «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» (бұдан әрі – ДпКББДШҚҒӘ «Дарын») Қазақстан ұлттық федерациясы ЮНЕСКО клубтарының қолдауымен Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің №1 балалар музыка мектебі.

1.3. Конкурс **қашықтықтан** өткізіледі.

1.4. Конкурстың мақсаты – аспаптық өнер саласындағы дарынды оқушыларды анықтау және қолдау, қосымша музыкалық білім беру мекемелерінде оқушыларды қамтуды арттыру.

1.5. Конкурстың міндеттері:

- Шығыс Қазақстан облысының өскелең ұрпақтарының музыкалық қойылымын танымал ету;
- Шығыс Қазақстан облысындағы қосымша музыкалық білім беру мекемелері оқушыларының шығармашылық белсенділігін арттыру;
- Шығыс Қазақстан облысындағы қосымша музыкалық білім беру мекемелері оқытушыларының тәжірибе алмасуы.

**2. Конкурсты ұйымдастырудың шарттары мен тәртібі**

2.1. Конкурс **2025 жылдың 28 ақпанда** өткізіледі.

2.2. **Өтінімдер (№1 қосымша) және конкурстық жұмыстар** (<https://www.youtube.com> арнасында жарияланған бейне материалға сілтеме) **2025 жылдың 24 ақпанына дейін** [myschool@inbox.ru](mailto:myschool@inbox.ru) электрондық поштасы арқылы қабылданады. «Сиқырлы лира» деп белгіленген.

2.3. Конкурс ақысыз тегін өткізіледі.

### 3. Конкурса қатысушылар

3.1. Конкурса Шығыс Қазақстан облысының қосымша музыкалық білім беру мекемелерінің оқушылары келесі жас санаттары бойынша қатысады:

- 1) бірінші кіші топ: 8 жасқа дейін, қоса алғанда;
- 2) екінші кіші топ: 9-10 жас;
- 3) орта топ: 11-13 жас;
- 4) жоғарғы топ: 14-16 жас.

*Қатысушылардың жасы 01.01.2025 жылға қатысты есептеледі.*

### 4. Конкурсты өткізудің шарттары мен тәртібі

4.1. Конкурс мынадай номинациялар бойынша өткізіледі:

**«Жеке орындау»:**

- фортепиано;
- синтезатор;
- ішекті аспаптар;
- үрмелі аспаптар;
- ұрмалы аспаптар;
- қазақтың ұлттық аспаптары;
- орыс ұлттық аспаптары.

**«Ансамбльдік орындау»** (трио, квартет, иллюстраторсыз 14 адамға дейін аспапшылар ансамбльдері).

**«Жеке орындау» номинациясына** қатысушылар екі музыкалық шығарманы орындайды: Қазақстан композиторының шығармасы және өз таңдауы бойынша виртуоздық шығарма.

**«Ансамбльдік орындау» номинациясы** бойынша қатысушылар өздері таңдаған бір музыкалық шығарманы орындайды.

Репертуар орындаушының жас санатына сәйкес болуы керек.

Шығарманы **минус фонограммамен** сүйемелдеуге болады.

4.2. Бірінші кіші жас тобындағы қатысушыларға арналған конкурстық бағдарлама талаптары бағдарлама талаптарынан төмен болмауы тиіс музыка мектебінің 2-сынып, екінші кіші топ оқушыларына - 3-сыныптан төмен емес, орта жас тобы - 4-сыныптан төмен емес, үлкен жас тобы - 5-сыныптан төмен емес.

**4.3. Конкурстық жұмыстарды бағалау критерийлері:**

- 1) орындау техникасы;
- 2) орындаудың көркемдігі мен мәнерлілігі;
- 3) шығарманың стилі мен формасын түсіну;
- 4) репертуардың өзіндік ерекшелігі.

4.4. Конкурса қатысуға қосымша білім беру ұйымынан **төрт қатысушыдан** артық емес рұқсат етіледі.

## **5. Конкурс қорытындысын шығару және қатысушыларды марапаттау**

5.1. Конкурсты бағалау критерийлеріне сәйкес кәсіби қазылар алқасы Конкурстық жұмыстарды бағалайды. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады, хаттамамен ресімделеді және қайта қарауға жатпайды.

5.2. Конкурс қорытындысы бойынша қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар Гран-при, бірінші, екінші және үшінші дәрежелі лауреат атақтарымен марапатталады.

5.3. Конкурсқа қатысушыларға грамоталарың электрондық нұсқалары **2025 жылдың 22 сәуіріне дейін** ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын» орталығының сайтында орналастырылады.

### **Анықтама үшін телефондар:**

- Дубейко Елена Анатольевна, №1 БММ, директордың ТЖ бойынша орынбасары, Өскемен қаласы, ұялы телефон: 8(705)530-67-35.

- Муратова Мольдер Муратовна, №1 БММ, директордың ТЖ бойынша орынбасары, Өскемен қаласы, ұялы телефон: 8(777)678-64-78.

№1 қосымша

Қашықтықтан өтетін  
Облыстық «Сықырлы лира»  
конкурсының ұйымдастыру  
комитеті

Облыстық қашықтықтан өтетін  
«Сықырлы лира» конкурсына қатысуға өтініш

Қатысушының аты-жөні	Қосымша білім беру мекемесінің атауы	Оқытушының аты-жөні, байланыс телефондары	Номинация, бағыт	Репертуар, бейнематериалға сілтеме

Директор \_\_\_\_\_ толық аты-жөні  
(қолы, мөр)

Конкурстың барлық қатысушылары көрсетілген, номинациясына қарамастан, білім беру мекемесінен, директорымен бекітілген, бір өтінім жасалады (өтініш қосымша word форматында жіберіледі).